

Білім және тәрбие

Бала-біздің болашағымыз

З.АҚБЕРДИЕВА, №12 кітапхана маманы

Орталық №12 балалар кітапхана бөлімшесі-мектептің бір бөлігі. Жылдан-жылға кітапханамыз жаңа оқулықтар және журналдармен, әдеби кітаптармен толықтырылып отырады. Кітапханаға келген жас бүлдіршіндер ертегілер әлеміне еніп, кітапхана қорындағы «Зд кітап», «Сиқырлы кітап», «Ашылмалы кітапша», «Балаларға базарлық», сериялармен шыққан кітаптарға ете қызығушылық танытты. «Кітап – білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнықта мәлдір бұлағынан шәкірттерді сусындаатып, олардың рухани дүниесін молайтып, ошағына айналып отырған кітапханамыз тарапынан жыл бойына әртүрлі тақырыпта іс-шаралар жүргізіледі. Мысалы, «Төүелсіздік-таң нұры», «Құрметтейік кітапты», «Салауатты өмір салты», «Біз егеменді еліміздің болашағымыз» және тағы басқа да.

Жаз мезгілі - мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жыл бойы сабак барысында тоқсан арасындағы берілетін күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезіндегідей демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс - мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана - сезімдік, дүниетанымдық түрфіда даму, жетілу кезеңі.

Бастауыш және орта буын сыныптарының балалары үшін бұл уақыт тән – түрпаттың табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетанымының аясы кеңейетін, көзқарасы қалыптастып, үйренуге ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі.

Бала-біздің болашағамыз. Сондықтан да жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабактан, үйреншікті тіршілік әрекетінен босал, езін қызығушылықмен айналысуына мүмкіндік береді. Кітапхана ұжымы қалалық №№6, 9 жалпы білім беру мектептері және Ә.Бекейханов атындағы мектеп-лицеймен бірлесе отырып, жазғы лагерьдегі балаларға қызықты көңіл сыйлап, түрлі сайystар үйимдастырып, балаларды рухани демалдыруда өз үлестерін қосты.

Ұйымдастырылған шаралардың қатарындағы ең қызықты әрі тартымдашылары «Бұл қай ертегі?», «Ел жүргігі-Астана», «Тасқа сурет салу» және де орыс тілінде өткен сайystар «Угадай мультфильм», «Спишите делать добро», тағы басқалары болды. Іс-шараларға белсene катысқан балалардың білімдері бағаланып, сыйлықтармен марапатталды. Біз олармен «келер жылға бір жасқа өсіп қайта қауышайық, әрдайым кітапхананың турақты оқырманы болындар, өздерінді сағына күтеміз» деп қимастықпен қоштастық.